

*Даuletкалиева К.Н.  
окытушы  
Толкачева Л.А.  
окытушы, М.Әтемісов атындағы БҚМУ*

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ - ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ

Ғаламдық жаңандану кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында адами ресурстарды дамытуға үлкен көніл бөлінуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің кепілі ретінде білім беру жүйесінің маңызы артып отыр.

Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдар аралығындағы білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бәсекеге қаблетті тұлға тәрбиелеудің өзектілігі атап көрсетілген. Оның ішінде жалпы орта білім беру, білім беру сапасын бағалау, орта білім беруді дамыту, білім берудің үлттық жүйесін күру, педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесінде мемлекеттік бағдарлама құрылған. Білім берудің мақсаттары қоғам өмірінің мақсаттарымен тікелей байланысты. Өмір білім берудің нақтыласа, білім өмір сүрге тікелей әсер етеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы қоғамда, елдің сана сезімінде де түбебейлі өзгерістер болып жатыр. Білім беру ісінде жеке тұлғаны дамытуға көп көніл бөлінуде. Білімі, кәсіби біліктілігі жоғары жастарды тәрбиелеуге қол жеткізетін сапалы, бәсекеге кабілетті білім ордаларын қалыптастыруды мақсат тұтқан тұжырымдама білім берудің барлық деңгейінде әлемдік талаптарға сай өзгерістерді енгізді.

Экономикалық білім - жалпы білім берудің құрамды бөлігі. Сондықтан қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген елдерінің мектептерінде экономикалық білімді жүйелі де сапалы беруге баса назар аударылуда. Экономикада болып жатқан сапалы өзгерістер, терең сауаттылықты, мектепте терең экономикалық білім енгізуі талап етуде, яғни мектеп оқушыларына экономикалық білім бере отырып, оқушылардың жан-жақты ойлау қаблетін дамытып, бүгінгі өмір жағдайында өмір сүріп еңбек етуге бейімдеу.

Мектеп окушыларына экономиканы оқыту - табигат зандарына карағанда экономикалық зандарға тәуелді болып отырған өзгермелі өмірге қойылған талап. Окушыларға нақты жағдайларда экономикалық заңдылықтарды қолдана білуде экономикалық теория мен практикалық түсініктерді білуі қажет. Мектептегі экономикалық білім алудан қалыптасқан іскерлік, дағды, біліктілік окушыларға нарықтық экономика сұрақтарын шешуде өзін-өзі сенімді ұстауға және оның негіздерін жан-жақты оқи отырып, өз мамандығын таңдауға мүмкіндік береді. Экономикалық білім негіздерін менгермей, сауатты экономикалық ойлаумен әрекет етуді үйренбейінше, қазіргі өмірге бейімделу мүмкін емес. Олай болса бүгінгі окушы ертеңгі күнгі еліміздің экономикасының дамуына өз үлесін қосып, мектеп қабырғасынан алған терең білімдерін болашакта пайдалана білуіне бағытталған іс-әрекеттерді, жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінуі қажет.

Қазақстан Республикасының экономикалық әлеуметтік даму ерекшеліктерін, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, окушыларға экономикалық білім беру мазмұны ғылыми негізде анықталуда. Нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты елімізде білімі терең, мәдениеті жоғары, өмір талабына сай бейімделген жас ұрпақты экономикалық біліммен қаруландырып, тәрбиелеу - өте маңызды іс. Қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген елдерінде мектептерде экономикалық білімді жүйелі де, сапалы түрде беруге баса назар аударылып отыр. Болашақ ұрпаққа қойылатын талап – қазіргі өмір талабына сай экономикалық білімді игере отырып, өз өмірінде, өз қызметінде осы білімді пайдалана білу. Экономикалық білімнің практикалық пайдасы - оның адам тәжірибесінде күнделікті кездесіп жүрген түсініктерді ұғынуға көмектесетіндігінде. Экономикалық білімді қолданумен тығыз байланысты мамандықтар экономикалық білімнің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Экономикалық білім берудің жалпы адамзаттың мәдениетін қалыптастыруды, адамгершілікке, үнемділікке, іскерлікке үйретудегі үлесі зор. Экономиканы оқыту барысында окушылардың бойында халық, ұлт, әлем алдындағы жауапкершілікті тәрбиелеу тиімді. Осы экономикалық білім беру арқылы егемен еліміздің экономикалық мәселелерді шешуде өзінің үлесін көрсете алатын азаматтар білім алып, тәрбиеленеді. Мектепте экономикалық білім берудің мақсаты – окушыларды экономикалық мәдениет пен қоғамдық экономикалық даму

зандылықтарымен таныстыру, еңбек ете білуге және рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға тәрбиелеу. Мектептерде экономиканы оқытудың мақсаты:

- жеке тұлғаны қоғамның даму барысында алатын орнын білуге, оның сауаттылығын қалыптастыруға байланысты анықталады;

- барлық оқушыларды экономика ғылымының негізі болатын білімдер жүйесімен және ол білімдерді саналы түрде қолдана алудың іскерліктері мен дағдыларын берік қалыптастыру болып табылады;

- оқушылардың экономикалық мәдениеттілігі мен экономикалық іс-әрекеттері арқылы өмірде қолдана алуды қалыптастыру;

- әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойының дамуына, адамгершілікке үмтүлікпен, әдемілікті сүюге үйретуге жағдай жасау. Экономиканы оқыта отырып, оқушыларға үнемділікті дәл сезінуді, тілдік ортаны қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

Экономиканы оқытудың міндеттері де назардан тыс калмады:

- білімдерін жалғастыруға, басқа пәндерді оқып үйренуге қунделікті тұрмысқа қолдануға қажетті нақты экономикалық білімді менгеру;

- экономикалық қызметке тән қоғамда адамның толығымен қызмет жасауына қажетті интеллектуалды дамыту;

- оқушыларға экономикалық қатынастар туралы ойды дамыту;

- экономикалық байланыстар мен экономикалық шешімдер кабылдауға мүмкіндіктер беру;

- экономикалық сұрақтарды талдау;

- өндірістік қатынастар мен экономикалық байланыстар туралы көзқарастар қалыптастыру;

- жеке экономикалық білімдерді қабылдау, бақылау және казіргі экономикалық көзқарастарды түсіндіру;

- қоғамдағы экономикалық процестер жөнінде қатынастарға катысу.

Оқушыларға экономикалық білім беруде олардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып олардың ойлау қабілетін дамытып, олардың білімдерін жетілдіруге өз бетінше дамуға, бәсекеге қабілеттілікке

дайындауға болады. Бұл процестің жүзеге асырылуы - көптеген факторлар әсерінің нәтижесі. Әсер етуші факторлардың ішінен мыналарды атауға болады:

- мемлекеттің жалпы саясаты;
- мемлекеттің білім беру саясаты;
- ата-ананың мақсат- мұддесі;
- экономикалық білім негіздерінің мектепке енуі;
- ата-ананың, қоғамның жалпы тәрбиесі;
- қоғам талабы;
- мұғалім еңбегінің нәтижесі;
- оқушының білімдік, іскерлік, дағдылары;
- еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсүі.

Оқушыларға экономикалық білім берудің негізгі мақсат-міндеттері, факторларының атқаратын қызметтеріне тоқтала отырып, біз олардың оқушыларға экономикалық тәрбие беру және экономикалық ойлауды қалыптастыратындығын көреміз.

Ұрпақ тәрбиесі қай қоғамның, қай кезеңнің болмасын өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Экономикалық тәрбие беру – нарықтық экономика мен экологиялық жағдайларды, білім мен біліктілікті жеке тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, әлеуметтендіруге пайдалану. Жас ұрпаққа білім беру жүйесінде сондай-ақ экономикалық білім мен тәрбие беруде мектеп жетекші рөл атқарады. Мектептің экономикалық дайындығы, ондағы әлеуметтік-экономикалық функциялардың барлық жағын қамти отырып, қоғамды, азаматтарды, еңбекке деген рухани және қабілеттігіне қажетті білімдердің негізін құрайды. Сондықтан, жеке тұлғаны мектеп қабырғасынан бастап шаруашылық есеп, өз шығынын есептей алушы, өзіндік құн маңызын жетік білу үшін іс жүзінде өндірістерге қатынастырып отырған дұрыс. Экономикалық тәрбие негіздері еңбек тәрбиесінде жатыр. Экономикалық тәрбие оқушыларды экономикалық білім негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну, іскерлік әдет, үнемділік пен ұқыптылық, табыс пен шығын, пайда, кәсіпкерлікке бастаудың жолдарын ұғындыру болып табылады. Белгіленген бағдарлама бойынша әрбір класс көлемінде қаралатын тақрыптардың экономикалық тәрбиелік мәні бар. Мысалы: «Іскерлік әдел» тақырыбында бизнеске қатысушылар, бизнесстегі өзара карым-қатынастар, олардың негізгі белгілері, сенімділік, ұқыптылық, жауапкершілік сұрақтары қамтылады. «Нарықтық

экономика және оның құрылымы» тақырыбында окушы өзі өмір сүріп отырған ортадағы нарық зандылықтарымен, сұраным, ұсыным, баға, бәсекемен таныса отырып, оларды нақты өмірде колданып, жеке атқаратын қызметтерін тәжірибемен байланыстыра білуге үйренеді. Окушыларды экономикалық тұрғыдан тәрбиелеуде коғамдық пайдалы және өнімді еңбек ерекше орын алады. Өнімді еңбекте окушының жоспарлау ісіне, есеп алу, бақылау, өнімділік процесін ұйымдастыруға қатысуының маңызы өте зор. Бұлардың бәрі материалдық қаржы қорын, жұмыс уақытын тиімді пайдалана білуге, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс сапасын көтеру мүмкіндігін табуға, шаруашылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Бұл сұрақтарды оқып үйрене отырып, окушы тақырыптың тәрбиелік мәнін түсіне алады. Экономикалық тәрбие адамның алған білімін терең игеруіне, оны пысықтап практикалық өмірде іске асыруға көмектеседі, өз жүйесінде идеялық және практикалық бағыт береді. Мұнан біз білім мен тәрбиенің тығыз бірлігі адамның рухани қасиеттерін күрайтындығын көреміз.

Экономикалық білім беруде оның экономикалық тәрбиелік мәнімен қатар экономикалық ойлау мәні де орын алады.

Окушылардың ойлау жүйесінің қалыптасуында экономикалық білім мен тәрбие берудің маңызы қызмет атқарады.

Адамға экономикалық шындық – еңбек үрдісі, өндіріс, бөлісу, айырбас, материалдық игілікті тұтыну әсері мен әрекет ететін қалыптасқан ойлаудың белгілі бір түрі тән.

Экономикалық ойлау материалдық өндірісте, еңбек үрдісінде туындаиды, дамиды. Сана, таным, ойлау еңбек қызметінің бөлінбес құрамдас бөлігін құрайды.

Еңбек нәтижелігін арттыру үшін олардың экономикалық ойлауын жетілдіру, дамыту керек. Бұл – экономикалық практиканы шаруашылық тетігін объективті экономикалық зандарға сәйкестендірудің қажетті шарты.

Экономикалық ойлау адамның экономикалық іс-әрекетімен қалыптасады: жеке тұлға өндіріске қатысумен қатар, сатып алушы, айырбасқа қатысушы, тұтынушы, облигация, акция иесі ретінде әрекет етеді. Ол отбасы бюджетін есептейді: «үй шаруашылығы бюджетін», өз кірісі есебін, қорын, ақша шығынын жүргізеді, өндіріске қатысушы және сатып алушы ретінде әрқашан өз таңдауын жасайды.

Экономикалық ойлау процесі, осылайша, адамның экономикалық қатынастар, экономикалық әрекет жөнінде ойлануы және оны ұғынуы болып шығады.

Бұл өз кезегінде адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның мемлекет атынан экономикалық процеске, белгілі бір шаруашылық шешім қабылдауға саналы қатысуына негіз қалайды. Өндірісті түрлендіруші адам бөлу, айырбас, тұтыну сияқты экономикалық ойлау иесі болып табылады. Сондықтан оның ойлауы болмысты танумен ғана шектеле алмайды. Ол білімге айналып, қабылданатын тиісті практикалық шешімге негіз болатын қызметті атқарады. Осыған байланысты, экономикалық ойлау анықтамасында адамның экономикалық шешім қабылдауға қатысуын, экономикалық қызметтегі белсенді рөлін қосу өте маңызды.

Экономикалық ойлау, жалпы алғанда, оқушылардың дамуына көмектеседі. Экономикалық ойлау сезімдік және рационалдық, нақты және теориялық болуы мүмкін. Сезімдік экономикалық ойлау, сезіну, қабылдау, сезім, көңіл-күй мен елестету түріндегі экономикалық қатынастарды тудырады. Экономикалық ойлаудың қалыптасуында оқушының берілген тапсырманы өз бетінше орындауға, шешімін табуды өз алдына мақсат етіп қойып, іздену әркеті барысында жауабын оқушының өзі табады. Оқушы экономикалық ойлауда басқалай пәндердегі амал-әдістерді де пайдалана отырып іздену іс-әрекеті ойлауымен, пайымдауымен өз ізденісін жүзеге асыруда дұрыс шеше білу тәсілдерін менгеруі қажет. Мұнда экономикалық теория мен қатар экономикалық мазмұнды есептер, жаттығулар, жағдаяттар негіз бола алады. Өндіріс факторларын қолдануда және материалдық каражат түрлерін үнемдеп пайдалану жолында өндіріс орындарында және жеке отбасы өмірінде де түрлі қыншылыққа және т.б. құндылығын түсініп, үнем ережесінің тиімді жолдарын іздестіруге тәрбиелеп, сонымен қатар бұлар оқушылардың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оларда тұрақты білім-біліктілікті, дағдыны қалыптастырады.

Экономикалық ойлауды дамыту үшін қолданылатын негізгі құрал – қолданбалы есептер. Ол қандай да бір проблемалық жағдаяттың бейнесі, моделі. Осындағы есептердің типтерін талдау және талқылау барысында оқушыларда іс-әрекеттердің барлық түрінде қажетті қасиеттің маңызды қыры болып табылатын, өздігінен атқарылатын оқу әрекеті қалыптасады.

Қазіргі экономикалық ойлау қабілеті, *біріншіден*, алдағы әрекеттердің бәрі қоғамдық маңызды мұddeлерге сай келуін; *екіншіден*, қабылданатын шешім қазіргі экономикалық міндеппен астасуын, қазіргі өндіріс шарты болуын; *үшіншіден*, жұмыс үрдісін жеделдетуді, тиімділік пен сапа категорияларымен ойлай білуді; *төртіншіден*, жаңа міндепті ойлану мен шаруашылық есепке, жалға беруге, нарықтық қатынастарға дайындығын, экономикалық мұdde қалыптастыруды; *бесіншіден*, қазіргі экономикалық ойлау өндірістік қоғамдық құралдарға иелік сезімін қалыптастыруды, жеке және ұжымдық мұddeлерді астастыра білуді білдіреді.

Экономикалық ойлау оқушының жан-жақты дамуына, оқу іс-әрекеті мәселелік жағдайларды шешуге, оқу іс-әрекеті арқылы оқушының ойлау мәдениетінің дамуына, қызығушылықтың жоғарылауына әкеледі.

Экономикалық ойлау – түрі мен мазмұны жағынан уақыт ішінде дамитын қозғалмалы үрдіс. Ол бір қалпында өзгермей тұра алмайды. Ол – қоғамдық болмыс пен қоғамдық сана бөлшегі.

Экономикалық ойлаудың дамуы үшін адамға мектепте-ақ экономикалық білімді игерудің объективтік қажеттілігі керек.

Бұгінгі таңдағы еліміздегі үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғам мүшелерінің экономикалық түсініктерді дұрыс игеруін қажет етеді. Осы орайда қоғам мүшелеріне толық экономикалық білім беруде, мұны жүзеге асыруды қалыптастыруда, мектеп оқушыларына жалпы орта білімді камтамасыз ететін пәндік білімдермен қоса, экономикалық білім оқушының жан-жақты жоғарғы деңгейдегі экономикалық сауаттылығының негізі бола алады.

\*\*\*

*В статье рассматривается сущность и цели экономического образования. Особое внимание уделяется рассмотрению влияния экономического образования на интеллектуальное развитие школьников.*

*Обязательность экономического образования вырабатывает абстрактность мышления и адаптирует учащихся в реальной жизни.*